

10-12.04.2013ж. Талдықорған қаласында студенттердің арасында **«Хорды дирижерлау»** пәнінен «5B010600 – Музыкалық білім» мамандығы бойынша М.Төлебаевтың 100-жылдық мерейтойына арналған **V-ші Республикалық пәндік олимпиадасы** І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өтті. 2-ші орынның «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының «5B010600 – Музыкалық білім» мамандығында оқитын 3-ші курс студенті Умаралиева Зауре иегері болды.

Олимпиада екі турда өтті. І-ші турда талап бойынша дирижер-хормейстердің шеберлігі, II-ші турда – хормен жұмыс жасаудың нәтижесі көрсетілді.

Умаралиева Зауренің бағдарламасы:

1. М.Манғытаев «Таң». «Қаратау әуендері» хор сюитының III бөлімі (конкурстық бағдарлама).
2. Дж.Верди «Ты прекрасна, о Родина наша» «Навуходоносор» операсынан хор.

Жетекшісі: п.ғ.к, доцент Какимова Лаура Шаріпқызы

Концертмейстер: Хайруллина Людмила Маратовна.

Әділ қазылар алқасы: төрағасы - Алпысбаев Әли Демегенұлы - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор, М.Төлебаев атындағы қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің бас дирижеры; Ғұллыев шахым Ғұллыұлы – өнертану докторы, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-ң профессоры; Бурунчин Мұрат Минайдарұлы – ҚазМемҚызПУ-ң профессоры, Хор дирижерлау және ән кафедрасының меңгерушісі; Митина Наталья Александровна – п.ғ.к., І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-ң доценті, Әжібекова Серікжамал Нүсіпқызы - ҚР білім беру ісінің үздігі, Талдықорған қаласының әкімі өнер мектептерінің жоғары санатты мұғалімі.



10 сәуір 2013ж. – І.Жасүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің бас ғимараты: 3 курс студенті Умаралиева Зауре жетекшісімен.



3-ші курс студенті Умаралиева Зауренің конкурстық бағдарламасының орындалуында. Рояль аспабында концертмейстер Л.М. Хайруллина.



Марапаттау сонында: п.ғ.к, доцент Ж.Ш. Таубалдиева, аға оқыт. Х.О. Валитова, ҚазМемҚызПУ-ң профессоры, Хор дирижирерлау және вокал кафедраның меңгерушісі М.М. Бурунчин, аға оқыт. С.А. Әжібекова, байқаудың игері Умаралиева Зауре, М.Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің оқытушысы Е.Д. Сидельникова және студенттің жетекшісі п.ғ.к., доцент Л.Ш. Какимова (солдан оңға).